

Қазақстан Республикасы халықтарының тілдері күніне арналған
«ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ - ҰЛТАРАЛЫҚ ТІЛІ»

тақырыбындағы республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция
жинағы
Қарағанды, 2021

УДК 908

ББК 26.89

С 22

Қарағанды облысы ішкі саясат басқармасының «қоғамдық келісім»
КММ / «ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ - ҰЛТАРАЛЫҚ ТІЛІ» / «TengriLTD» ЖШС
баспаханасы, Қарағанды 2021 – 251 б.

А. И Х С А Н Н Ы Ң « А С Ф А Л Ь Т Т А Ғ Ы Ұ Л У »
Ш Ы Ғ А Р М А С Ы Н Д А Ғ Ы
Ж А Т С Ы Н У Б Е Л Г І Л Е Р І »

Ш.Б. Акатаева филология ғылымдарының кандидаты, доцент
Л.М. Акшабаева педагогика ғылымдарының магистрі
Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті
Leila.aks@mail.ru

Жатсыну, өгейлену сияқты философиялық категория – модернистік эстетиканың жілікті, маңызды мәселесі. Модернизм негізінде айқын көрінетін спецификалық дүниетаным – қоғам тарапынан көрсетілген қысым мен рационалдық тәртіп орнаған әлемді адамның жатсынуы жатыр. Кейіннен мұндай дүниетанымдық аңсар постмодернистік танымда жалғасын тапты. Жеке тұлғаның жатсынуы романтизм эстетикасында да кездеседі. Өз ортасына, қоғамға қарсы тұрған романтикалық қаһарманның қоғамды, адамдарды жатсынып, табиғатқа, тау арасына қашуы немесе өзімен-өзі оңашалануы, өз ойымен жеке дара қалуы, т.б. – романтикалық әдебиетте жиі көрінетін мотивтердің бірі. Бұл арада романтизмнің модернизммен, постмодернизммен өзара ұқсастығы жеке тұлға концепциясында байқалады – тұлғаның үміті мен нақты өмірлік тәжірибе арасындағы алшақтық, өмір мен ол туралы түсініктің өзара сәйкес келмеуі.

Сонымен қатар жатсыну деңгейі бұл көркемдік жүйелерде өзіндік ерекшеліктерге де ие. Романтизмде қаһарман *жатсынуды, өзін-өзі жатсынуды жеңуге, әлеммен үйлесім орнатып, ішкі тұтастығын жоғалтпауға тырысады*. Бұл жағынан оның модернизммен кей тұста бірлігі байқалады. Модернизмде адам табиғатының жетілетініне, әлемнің өзгеретініне деген көмескі болса да үміт бар. Ал постмодернизмде жатсыну өзінің шарықтау шегіне, жоғарғы нүктесіне жетеді. Постмодернистік кейіпкер саналы түрде иллюзиялар әлеміне кетеді, транстық күйге түседі, сонда ғана ол өзінің сан алуан кейпін біріктіріп, өзін таба алады. Соның нәтижесінде модернизм мен постмодернизмде әлемді хаос деп түсіну, үзікүзік сана, өткіншілік, тұрақсыздық сезімі мойын созады. Жеке тұлға әлемібөлшектеңіп, тұрақты, дәстүрлі құндылықтар қайта қаралады. Модернизммен постмодернизмге «болмысты хаос пен абсурд деңгейінде суреттеу тән, көп жағдайда жеке тұлға өзі түсініксіз, қисынсыз, иррационалды тұрғыда қабылдаған социумды жатсыну контекстінде қарастырылады» [1].

Постмодернистік жазушы Асылбек Ихсанның «Асфальттағы ұлу» хикаятының тілдік-стильдік ерекшеліктеріне тоқталатын болсақ, *жатсыну белгілері көптеп байқалады. Әсіресе, қазақ дүниетанымына жат кейінгі заманда қала өмірімен бірге пайда болған тілдік қолданыстарды атауға болады. Кез келген халықтың сөздік құрамы сол ұлттың байырғы төл сөздері негізінде жасалады және тілден сол халықтың болмысы, атап айтқанда, тұрмыс-тіршілігі, кәсібі мен шаруашылығы, мәдениеті толықтай сезіліп тұрады. Енді осы хикаят тілінің стильдік ерекшеліктеріне тоқталайық.*

Қала өмірін сипаттайтын тілдік белгілерге *мәрмәр тастар, басқыштар, бордюр, тротуар, зәулім үйлер, автобус аялдмасы, сфетафор* т.б. жатады. Мысалы:

«Сәкен Сейітұлы қақпаға жақындағанда ағаш үйшіктің терезесінен күзетші жігіттің жүзі көрінген бойда-ақ қақпа түбіндегі қаңылтыр қобдиша ыңылдап қоя берді де, темір шыбықтар шырмауықша өрілген ауыр шойын есік «Мархабат, тақсыр!» дегендей жеңіл сырғып ашыла бастады. Үйшіктен лып етіп шыға келген жас жігіт амандасып үлгеріп, құрмет білдірген күйде тұрып қалды. Бұлшық еті сыртқа теуіп тұрған оң жақ қарының тұсында «Қабылан» деген зерленген жазуы бар униформасының төс қалтасынан рациясын алып, әлдебір нөмірлерді атады. Сыртқа шыққан Сәкен Сейітұлы темекісін тұтатып тұрып, қымбат тастардан өрілген дуалдың ар жағында қалған үйлерге көз тастады. Алатаудың далиған кең етегіне жармасып тұратұра қалған өңшең бір көк шатырлы, күрең шатырлы, күміс шатырлы зәулім үйлер ертегінің диюының қолынан шыққандай сыйқырлы да сесті көрінеді»

[2]. Осы мәтіндегі «*қақпа түбіндегі қаңылтыр қобдиша*», «*темір шыбықтар шырмауықша өрілген ауыр шойын есік*», «*«Қабылан» деген зерленген жазуы бар униформа*», «*рация*», «*қымбат тастардан өрілген дуал*», «*көк шатырлықүрең шатырлы, күміс шатырлы зәулім үйлер*» қала өмірін суреттеп тұрған тілдік қолданыстар болып табылады.,

Мәрмәрдан ойылған колонналар мен басқыштар, сақиналанған жол, тақтайдай жол, бордюр, көшедегі бетон дінгектер – қала көшелерін сипаттап тұрған тілдік тұлғалар.

Күнделікті қаланың күйбелең тіршілігін суреттейтін картиналар да шығармада көрініс берген. Мәселен:

«Сәкен Сейітұлы аялдамаға келгенде *526 нөмірлі шағын автобусқа* адамдар кіре бастаған екен.

- *Орбита, Саяхат, ВАЗ!* – деп қарлыға айғайлаған жас бала бұны басынан аяғына дейін шоли қарады. Бір қолымен есіктің жақтауынан ұстап, сыртқа асылып тұрған қалпы «мына біреу біздің жолаушыға ұқсамайтын тәрізді, сөзімді шығын қылмасам ба екен» дегендей екі ойлы күйде тез көз жүгіртіп өтті де, шопыр жаққа қарап «*Кеттік!*» деп айғайлады» [2]. Мұндағыаялдама, автобус, аялдама атаулары, жүргіншілер мен кондуктор, кондуктор мен шопырдың тілдесімі – күнделікті қала өміріндегі үйреншікті жағдайлар.

Қала өмірі үшін уақыт тапшы, әр минут есептеулі. Мұны шығарма кейіпкерінің «*Сағатына қараса – сегізден он минут кетіпті*», Өлшеулі кеңістік, қасықтап құйған суға тәуелді өлшеулі ғұмыр. Сәкен Сейітұлы сағатына қарады. *Сегізден он бес кетіпті*», «*Сағатына қараса – сегізден отыз минут кетіпті*» сияқты әрекетінен байқауға болады. Қаланың қарбалас сәті осы сағат арқылы өлшеніп отырады.

Қаланың күйбелең тіршілігін суреттейтін адамдардың тынымсыз қозғалысы, ағылған көліктер – иномарка, таксидің асығыс жүрістері, ығыжығы әрекет шығарма кейіпкерін мезі қылады.

Жатсынуды сипаттайтын тілдік ерекшелік – қала адамдарының тілдесімі. Мысалы: «*Мәрт жігіт қой, иығынан шойындай қолымен бір ұрып, құшағына көміп алып, қабырғасын күйрете қысып-қысып: – Уважаю, Сәке! – дер еді*» деген сөйлемдегі варваристік қолданыстан ана тілімізге жат сөздерді аңғаруға да болады [2]. Негізінде «Сізді, құрметтеймін, Сәке!» болуы керек еді.

Тіпті қала мен ауыл адамдарының, оның ішінде әйел адамдардың ісәрекетінен де жатсынуды байқауға болады. Мысалы:

– «Мен шопыр болсам секіріп түсіп, ана сұмырайдың тұмсығынан періп-періп жіберер едім!

– Машинасынан суырып алып, басын жыланның басындай езде шіркін!».

Сәкен Сейітұлы көздері жанып, белсеніп отырған екі қартамыс әйелге қарап аң-таң. «Жеңгелеріміз қашаннан бері еркек сабауға шыққан... Мына апайлар не деп отыр өзі?!... Сәкен Сейітұлы көздерінен жас парлап есінеді» деген диалогтегі қала әйелдерінің дәрекілігі сөйлеген сөздерінен көрінеді. Қазақ әйелдері көпшілік алдында сыпайы, иманды, инабатты кейіпте суреттеледі [2].

Шығармада автор қала өмірін *аялдама, самса, дүкен, бөтелке, сыра* сөздері арқылы әсерлі жеткізген. Мысалы: «Сәкен Сейітұлы *аялдамадағыларға* көз салды. Әртүрлі пішін, әртүрлі бейне. Біреу әлденеге абыржулы, біреу тас мүсіндей – бет-жүзінде тіршілік белгісі жоқ. Ана шетте *самса* жеп тұрған екеу өте көңілді. Аялдамаға жапсарлас салған *дүкенге* біреулер кіріп-шығып жүр. *Бөтелкеден* қылқылдатып *сыра* жұтқан денелі жігіт маңайына тоғайып қарайды. Кішкентай қыз бала шешесінің қолынан тартқылап бірдеңе дейді. Жолғақарап тұрған кәрі-жасы аралас топтың көздерінде күту тұр. Біреу

сабырмен күтеді, біреу тағатсызданады. Бір қарағанда бейжай көрінген жұрт керек

көлігі келіп қалғанда тұра ұмтылып барып мініп кетеді де, оның орнына басқа біреу тұра қалады».

Цирк, сквер, афиша, жарнама, банк, казино, супермаркет сияқты сөздер де қазақ дүниетанымына тек ХХ ғасырда ғана танымал болды. Мысалы: «Жол бойы қызылды-жасылды жарнамалар қалып жатыр. Сәкен Сейітұлы банкілердің көптігіне таңырқап келеді. Казинолар да көше сайын кездеседі», «Мана аялдамаға жақындап қалғанда көргені көз алдына келді. Биік үйлердің іргесіндегі тротуармен аяндап келе жатқан. Ертемен ашылған супермаркеттің алдынан өтті. Халық кіріп--шығып жатыр».

Қала адамдары тұтынатын тағам түрлері – шоколад, мандарин, балмұздақ т.б. шығармада көрініс берген. Мысалы:

«Аялдамада ерлі-зайыпты болу керек, екеу тұр. Әйел ұзын бойлы еркегінің иығынан ғана келеді. Араларында екі үлкен ала сөмке. Үстерінде сәннен шыққан, көнетоздау киім. Еркегі мандариннің қабығын аршып кесегін әйелдің аузына салады. Басындағы тоқыма телпегі көзіне түскен әйеләлденеге маз, алтын, темірі аралас тістері жалтырап мандаринді тұшына қайзаңдайды. Жанары жалт-жұлт етіп еркегіне еркелей қарап қояды. Телпегін сәл көтеріп маңдайын неге ашпайды екен деп ойлады Сәкен Сейітұлы».

Немесе:

«Бір бала жылады.
- Мама қарным ашты, шоколад жеймін!
- Күнім-ау үсті-басың қызарып кетеді, болмайды ғой саған. Шажаланып бақыруына қарағанда қадалған жерінен қан алатын біреу болар өскенде.

– Сен мамаңды жақсы көресің бе?
– Жоқ! Сен жамансың!
– Мә, жартысын ғана тісте. Енді сұрама. Сені бала етпеймін.
– Тү-үһ! Менің де тәтті жегім келіп кетті ғой. Кертiк мұрын қыз қасындағы құрбыларына аузының суы құри сөйледі» [2].

Жатсынудың тағы бір түрі – мәдениетті болып көрінген адамның ерсі қылықтары мен сөйлеген сөзіндегі дөрекілігі. Қаланың мәдениетті адамы ол – интеллигент, яғни оқыған адам. Мысалы:

«Екі қолын жоғарыдағы темірге асып, сүлесоқ тұрған бір жас жігіт сыртқа көз салды да, шалт кері серпіліп, шығар есікке ұмтылды. – «Әй айналайын! Не болды сонша, аяғыңды белімізге дейін көтеріп. Өзің үстің таза болса болды, басқаның киімін шұлғау қылу керек пе!? Әй, өзің де бір...». Кіргелі бері тыжырынып, айналасын қуырып тұрған интеллигент тұтана жөнелді. Ең ыңғайсызы дап-дардай кісінің естіріп тұрып боқтағаны болды

Жаңа ғана ішке кірмей жатып «жартастай болып тұрып алыпты ғой, сілеймей, жылжы әрі!..» – деп Сәкен Сейітұлының да ту сыртынан кіржіңдеген еді». Немесе:

«Интеллигент түсіп барады екен. Алақанына шұқшиып сәл кідірді де, жалт бұрылып: «Атаңа нәлет! Қырыққа дейін санау білмесең, ауылға барып қой бақ!» – контролер баланың жағасынан ала кетті. Ондайға еті өліп кеткен болуы керек, контролер бала қолын жағасынан жұлып тастап, қайта санатты. Бір бес теңге өзге ақшаның астында қалса керек, есеп дұрыс шықты. Интеллигент тамам жұртты иіріп қойып қайта-қайта санады. Баланикі – дұрыс. Басын кегжитіп жөнеле берген интеллигенттің соңынан, бар оқығантоқығандарды қосып шопыр біраз сөйледі».

Осы мысалдардағы интеллигенттің дәрекі сөйлеуі, өзін көпшілік ортада мәдениетті ұстай алмауы, ашуға ерік беруі қарапайым адамды жатсынтады.

Қала мен автобус ішіндегі қапырық ауа мен жағымсыз иіс те кең далада тыныстаған адамды тұншықтырады. Мысалы:

«Іштегі әртүрлі иістерден тынысы тарылды. Ана тұрған шұбар бет кепкен балықпен сыра ішіпті – иісі бүкіл автобусты алып кетті. Мынау пәтерінде ит ұстайтын адам – үстінен иттің күлімсісі аңқиды. Өзіне жабысып тұрған шикіл сары дәйімшілікке сарымсақ жейтін біреу екен. Мына жігіт теүстіне салақ адам сияқты, аламан бәйгеден келген жүйріктей тері үгітіліп ау! Тұздалған балықты пиязбен қосып асап, түні бойы арақ ішкен сүр мас біреу тура көк желкесіне демалып тұр. Жусай салған мәңті, кәрістің ащы салатының иісі, әр алуан арзан иіс сулардың иісі араласып қапырық салондытозаққа айналдырыпты. Шопырға тоқта деп әмір етіп, түсіп қалып, даланың ауасын көкірек кере жұтқысы келді. Болмайды, артта қара мерседес келеді...

– Шыда! Халқыңның иісі ғой! – Сәкен Сейітұлы ащы мырс етті. Сәкен Сейітұлы аузын жаба алмай ұзақ есінеді де, қол орамалын алып көзінен парлаған жасты сүртті.

Жүрегінің соғысы мүлде баяулап барады. *Айналадағы мынау еттіккен өмір өзіне жат тарта бастағандай».*

Соңғы сөйлемнен кейіпкердің қала өмірін жатсынғандығын байқауымызға болады.

Даланың иісі, алуан өсімдіктердің жұпары, езуі көбіктеніп енесін еміп тұрған бота, ай сәулесі төгілген көк майса, алты мәрте шиырылып көкке ұмтылған мыңсан киіз үй сияқты қазақ танымына таныс суреттеулер қала тіршілігіне қарама-қарсы қойылған тілдік құралдар болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Грицанов А.А., Овчаренко В.И. Человек и отчуждение. – Минск: Вышейш.шк., 1991. – 127 с.
2. «Қасым» республикалық әдеби-қоғамдық журнал №6 (26) 2015 жыл